

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Филология және көптілді білім беру институты
Практикалық тілдер кафедрасында 2017-2018 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2017-2018 оқу жылында Филология және көптілді білім беру институтының тәрбие жоспарына сай Практикалық тілдер кафедрасының тәрбие жоспары талқыланып, бекітілді. Бекітілген жоспарға сәйкес кафедра оқытушылары өз жоспарларына сай тәрбие жұмыстарын толыққанды жүргізді. Кафедра оқытушылары институт студенттерінің тәрбиесіне баса көңіл бөле отырып, олармен тығыз байланыста жұмыс жүргізді. Осы оқу жылында жоспарланған шаралардың барлығы орындалды. Атап айтсақ, *2017-2018 оқу жылында институт студенттерімен тәрбие үдерісіне қатысты мынадай маңызды жұмыстар ойдағыдай атқарылды:*

1. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша **2017 жылдың 21 қазаны** күні Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойы және ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын кеңінен насихаттау аясында студенттер және ПОҚ арасында ұйымдастырылған жалпыуниверситеттік «ДЕНСАУЛЫҚ КҮНІ» және **1 қараша Тұңғыш Президент** күніне орай ұйымдастырылған спартакиада өтті. Аталған шараға кафедраның оқытушы-профессор құрамы белсене қатысты.

2. 2017 жылдың 19 қараша күні Филология және көптілді білім беру институтының практикалық тілдер кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., проф. Р.Ә. Шаханова кафедрадағы профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қ.Байсейітова атындағы Халықаралық вокалистер конкурсының лауреаты, опера және концерт әншісі 65 жас және 35 жыл шығармашылығына **арналған Рымкеш Әлжанқызы Жұмаділованың «Әнім мені алысқа жетелейді»** атты жеке шығармашылық кешін тамашалауға барды. Концертке Н.Тілендиев атындағы Мемлекеттік академиялық фольклорлық этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі, дәстүрлі әншілер Т.Құрманғалиева, А.Исатаева, А.Күзеубаев, Э. Қарабалына қатысты. Концерттен кейін п.ғ.д, проф. Р.Ә. Шаханова университет студенттеріне **Рымкеш Әлжанқызы Жұмаділовамен** кездесу ұйымдастырды.



3. 2017 жылдың 1 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күніне арналған «Тән сұлылығы - ұстазда» атты спорттық фестивалі өтті. Фестиваль барысында спорт түрлері бойынша спорт түрлерінен жарыстар өтті. Аталған шараға кафедраның оқытушы-профессор құрамы белсене қатысты.



4. 2017 жылдың 5 желтоқсан күні практикалық тілдер кафедрасының меңгерушісі Розалинда Шаханова өзі сабақ беретін Жаратылыстану және география институтының химия және биология мамандығында оқитын 1 курс студенттерін, қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, академик Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсірепов атындағы мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай кешеніне алып барып, таныстырды. Мұражай кешені студенттерге қатты ұнады, сонымен қатар, студенттерге Сәбит Мұқанов және Ғабит Мүсірепов жайында қосымша материалдар пайдаланып әдеби мұражай жайында шығарма жазуға тапсырылды.



5. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 90-жылдығына орай, **2017 жылдың 7 желтоқсанында** желтоқсан күні кафедрада тәрбие жұмысына жауапты магистр, оқытушы С.Ш. Шолтай мен «Тіл -таным» клубының жетекшісі п.ғ.к., аға оқытушы М.С.Алибаева және кафедра доценті Сауле Нұрғалидың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 26 жылдығына арналған «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты мерекелік кеш өткізді. **Іс-шараның өткізілу мақсаты** - Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді қолдануға мүдделілігін арттыру, Тәуелсіз еліміздің қадір қасиетін сезіну, елге, жерге тілге деген патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында бағыттау. Сонымен қатар, заман талабына сай үш тілді бірдей меңгерген маман болуларына бағыт-бағдар беру.





6. 2018 жылдың 20 ақпанында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Спартак» спорт стадионында Университеттің 90-жылдық мерейтойына, сонымен қатар Әскери кафедраның 20 жылдығын арналған қарудан ату жарысы өткізілді. Жарысқа **Практикалық тілдер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қарудан ату жарысына қатысты.** Қарудан ату спорты - нысанаға атыс және пневматикалық қарудан ату арқылы жүргізілетін спорт түрі. Оқ атыс және стендтік атыс Олимпиадалық ойындар бағдарламасына кіреді және олимпиадалық ойындардың ең көне түрлерінің бірі. Басқа спорт түрлеріне қарағанда, қарудан ату спорты ең қиын бәсекені бастан кешеді, себебі атқыш өз-өзімен жекпе-жекке шығады.

Бұл жарыс университет қызметкерлерін жүйелі түрде дене шынықтыру мен спортқа тарту; денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын оқытушыларды баулудың маңызды құралы ретінде спортты насихаттау, сондай-ақ оқытушылардың дене тәрбиесін жетілдіру мақсатында өткізілді. Қарудан ату спортымен айналысу спортшының бойында шыдамдылық, байқампаздық, көз өлшемінің дәлділігі және жеңіске деген құштарлық сынды қасиеттерді дамытады. Рекордқа жету үшін атуды жасаудың айла-амалдарын ғана емес, сонымен қатар эмоцияға ие болу шеберлігі де қажет болады.

Біздің кафедрамыздың атынан қарудан ату жарысына: Сауле Есімбек және Гүлмира Амангелдиева, сондай-ақ филология және көптілді білім беру институты кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Жарысқа қатысқан профессор-оқытушылар құрамына алғысымызды білдіре отырып, барлық 75 ұпай жинаған кафедрамыздың оқытушысы Гүлмира Амангелдиеваны ерекше атап өткіміз келеді.

Жарысқа қатысушыларға жетістіктер мен жеңістер тілейміз!



7. 2018 жылдың 22 ақпанында практикалық тілдер кафедрасының ф.ғ.д., университет профессоры Б.С. Жұмағұлова мен п.ғ.к., доцен Р.И. Бекишеваның ұйымдастыруымен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 90 жылдығына арналған **«Сіз біздің университетті білесіз бе?» тақырыпта** институтаралық **сұрақ-жауап ойыны** өткізілді. Іс-шара жүргізушілері қонақтарды университеттің қалыптасуының негізгі кезеңдерімен таныстырып, жоғары оқу орнының басымды қырларын ерекше атап өтті. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық тарихы туралы деректі фильмнің көрсетілімі университеттің басты жетістіктері, сонымен қатар бірінші басшыларының бастан кешкен қиындықтары туралы білуге мүмкіндік берді.

«Сіз біздің университетті білесіз бе?» сұрақ-жауап ойынына университетіміздің 5 командасы қатысты:

1-ші команда Математика, физика және информатика институтының «Математика», «Физика» мамандықтарының студенттері Аршын Байсал, Әсем Еркінова, Жанбота Қойлыбаева, Шырын Берліқожа, Нұржан Айжарқынов.

2-ші команда Педагогика және психология институтының «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану», «Педагогика және психология», «Психология», мамандықтарының студенттері Аружан Саурбай, Жансая Наренова, Молдир Рахимкулова, Асель Бураханова, Қарлығаш Жұмабай.

3-ші команда Жаратылыстану және география институтының «Биология» мамандықтарының студенттері Асылзат Калдарбек, Лашын Уразғалиева, Айгерим Садыкова, Наркиз Нысанбайқызы, Мадина Мейрамова.

4-команда Өнер, мәдениет және спорт институтының «Графика», «Бейнелеу өнері және сызу» мамандықтарының студенттері Айбек Әбдіқадыр, Асет Конысбаев, Ерасыл Курманакын, Диана Нурланқызы, Феруза Сейтмуратова.

5-ші команда Тарих және құқық институтының «Тарих» мамандықтарының студенттері Сат Абил, Асия Аскарбек, Ғалымжан Айтқалиев, Ақзада Таженова.

Студенттер өздерінің университетінің тарихын терең білетіндіктерін көрсете алды, барлық қойылған сұрақтарға жауап берді. Командалар және ұйымдастырушылар мадақтамалармен және алғыс хаттармен марапатталды.



8. 2018 жылдың 31 наурызында Университеттің қызметкерлері мен оқытушылары университеттің аумағында және университет айналасындағы орындарда тазалау жұмыстарын жүргізді. Практикалық тілдер кафедрасы сенбілік жұмысына белсене қатысты. Университет ректоры Такир Балықбаев алғы сөзінде жұмысқа сәттілік тілеп, алғашқы болып қылқан жапырақты ағаш отырғызды. Сенбілік институт директорларының бір-бір ағаштан отырғызуларымен жалғасты. Филология және көптілді білім беру институтының ұжымы өздеріне белгіленген университеттің бас ғимаратының жанындағы аумақта ынтагерлікпен жұмыс істеді. Университеттің барлық оқытушылары үшін үлкен дастархан жайылып, дәмді палау ұсынылды.

Университетте жасыл қорды белсенді түрде жаңартып отыру жұмыстары белсенді жүріп жатқандығын айта кеткен жөн. Университет - біздің ортақ үйіміз, және ондағы тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету біздің парызымыз. Біздің ортақ мақсатымыз - оны тазарту үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасау. **Практикалық тілдер кафедрасы сенбілік жұмысқа белсене қатысты.**



9. 2018 жылдың 6 сәуірінде жалпы университеттік жоспарына сәйкес Филология және көптілді білім беру институтының практикалық тілдер кафедрасының п.ғ.д., профессор Г.А. Қажигалиева, ф.ғ.кандидаттары, доценттер Галина Қадырова мен Алмагүл Маймақова және аға оқытушы Сауле Есімбектің басшылығымен **«Не? Қайда? Қашан?»** атты танымдық-зияткерлік викторинасын өтті.

Аталмыш викторинаға университетіміздің 4 институты қатысты. Олар: Өнер, мәдениет және спорт, Жаратылыстану және география, Математика, физика және информатика институттары мен Педагогика және психология институтының студенттері де қатысты. **«Не? Қайда? Қашан?»** атты танымдық-зияткерлік викторинаның мақсаты: **«Не? Қайда? Қашан?»** викторинасы танымдық-зияткерлік, сондай-ақ ғылыми болумен қатар, ғылымға деген танымдық, қызығушылық қасиеттерді оятады. Сол себепті, Ғылым онкүндігіне өткізілгені кездейсоқ емес. **Білім - күш, ғылым - күш!** Жүргізушілер қатысушылар мен көрермендерді викторинаның ережелерімен таныстырып, командалардың орындау тәртібін анықтау үшін жеребе тастады. Викториналық сұрақтарға төрт команда белсенді түрде жауап берді, сұрақтар адам өмірінің түрлі салаларына қатысты болды. Командалар – 21 сұраққа жауап берді. Өткізілген викторина студенттердің ғылыми танымдыққа деген жоғары ғылыми қызығушылығын, жан-жақтығын, ғылымға деген сүйіспеншілігін көрсетті және байқау барысында олардың зияткерлік мүмкіндіктері сыналды. Қатысушы командалардың барлық мүшелері мадақтама қағаздарымен марапатталды. Сонымен қатар, командалық-жеңімпаздар, сондай-ақ жекелеген санаттардағы жеңімпаздар дипломдармен марапатталды. **«Музыкалық үзілісте»** өнер көрсеткен студенттерге де мадақтама қағаздары табыс етілді.



10. 2018 жылдың 18 сәуір күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасында мемлекеттік тілді дамыту мақсатында Алматы қаласы жоғары оқу орындарының өзгетілді студенттері арасында «Менің Отанымның мемлекеттік тілі» тақырыбында «Қазақ тілінен» дәстүрлі қалалық пәндік олимпиада өтті.

Олимпиадаға Алматы қаласының жоғары оқу орындарынан 6 команда қатысты. Қара шаңырағымыздан өзге ұлт өкілдерінің 1 курс студенттері Солмаз Суманиева, Сумбат Илиева, Азиз Абдушакиров қатысып, «Қазақ тілі» пәні бойынша теориялық білімдері мен танымдық деңгейлерін жоғары дәрежеде көрсетті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің практикалық тілдер кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Зейнеп Османова жетекшілік еткен «Парасат» командасы Бас жүлдені жеңіп алды.





11. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 90-жылдығына орай, **2018 жылдың 19 сәуірінде** практикалық тілдер кафедрасының ұйымдастыруымен «Театр сахнасы шақырады» атты студенттер жобасы негізінде университетте оқитын барлық мамандықтардағы 1 курс студенттерін М.Ю. Лермонтов атындағы орыс мемлекеттік академиялық драма театр залында режиссер И. Гонопольскийдің «Отель двух миров» атты қойылымға алып бардық.



12. **2018 жылдың 15 мамырында, сағат 10.00-де Ғылым ордасы** концерт залында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің практикалық тілдер кафедрасы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен тілтанушы ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайдың 90 жасқа толуына арналған «Қазақ тіл білімі саласындағы жаңа ғылыми бағыттар» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы өткізілді (**Жауаптылар: Шаханова Р.Ә., Османова З.Ж., Шолтай С.**).



Кафедра меңгерушісі

Р.Ә.Шаханова

Кафедраның тәрбие ісі жөніндегі жетекшісі, оқытушы, магистр

С.Ш.Шолтай